

Сыйлыққа қатысты саясаты

1. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасында, оның ішінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға сыйлықтарға тыйым салуға қатысты белгіленген шектеулерді сақтауы тиіс.

2. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне, оның ішінде олардың жақын туыстарына, жұбайына (зайыбына) және (немесе) жекжаттарына мыналарды қабылдауға тыйым салынады:

1) Қоғамда өзінің лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты контрагенттерден, әріптестерден және өзге де тұлғалардан ақшалай қаражат түріндегі материалдық сыйақы;

2) Қоғамда өзінің лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты контрагенттерден, әріптестерден және өзге де тұлғалардан сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер;

3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында қабылдауға тыйым салынған өзге де игіліктер мен артықшылықтар.

3. Сыйлықты, көрсетілетін қызметті немесе материалдық сыйақыны алған жағдайда Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне осы факт туралы тікелей басшыға және Қызметке кез келген қолжетімді тәсілмен дереу хабарлау қажет. Бұл ретте Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыйға тартушыдан сыйлықты, көрсетілетін қызметті немесе материалдық сыйақыны қабылдауға жол бермеу бойынша барлық мүмкін шараларды қолдануы тиіс.